

АГРЕССИВТІ БАЛАМЕН ЖҰМЫС

Агрессивті балалармен жұмыс жасауда мұғалімдерге арналған жалпы ұсыныстар:

- Түзету және қолдау жұмыстарын жүргізу.
- Сыныпта балаларға жайлы ахуал туғызу.
- Балаға өзінің сезімдерін әлеуметтік ортада дұрыс пайдалануды үйрету;
- Өзін-өзі адекватты бағалауын қалыптастыру.
- Өзін-өзі бақылау дағдыларын қалыптастыру.
- Ынтымақтастық дағдыларына үйрету.
- Балалардың шығармашылығын дамыту.

Мұғалімнің негізгі міндеті – жағдайдың шиеленісін азайту.

Баланың агрессиясын қоздыратын әрекеттер:

- Дауысты көтеру, дауыс ырғағымен қорқыту, айқайлау, наразылық білдіру;
 - Үстемдік жүргізу. Мысалы: "Бұл жерде әзірге мен мұғаліммін!", "Мен не айтсам, сол болады!" т.с.с.;
 - Мысқылдау, күлкі қылу және мазақ ету;
 - Баланың және оның жақындарының немесе достарының жекебасын теріс бағалау;
 - Дене күшін қолдану;
 - Бөгде адамдарды қақтығысқа араластыру;
 - Жаза қолдану немесе жазалаумен қоқыту.

Балаға өзінің қателігін және жеңілісін мойындау өте қиын. Ол үшін ең ауыр нәрсе – көпшілік алдында айыптау және теріс бағалау. Баланың беделін сақтап қалу үшін келесі әрекеттерді мақсатты түрде орындау қажет:

- Баланың кінәсін көпшілік алдында азайтып көрсетіңіз. Мысалы: "Сен өзінді жайсыз сезініп тұрсың", "Сен оны ренжіткің келмеді" т.с.с, бірақ көзбе көз сөйлескенде бар шындықты айтып мән жайды түсіндіріңіз;
- Баланы толық бағындыруға тырыспаңыз, оған сіздің талабыңызды өз қалауы бойынша орындауға мүмкіндік беріңіз;
- Балаға ымыраға келуді, екі жақты ыңғайлы келісімге келуді ұсыныңыз.

Толық бағынуды талап етсеңіз сіз оның бойында жаңа агрессияның туындауына түрткі боласыз.

1. Шамалы агрессия кезінде жайлы қатынас құру.

Балалардың бойындағы агрессиясы қауіпсіз әрі түсіндірумен шешілетін жағдайда, оларға келесідей позитивті стратегияларды қолдануға болады:

•Баланың реакцияларын толығымен елемей - жағымсыз мінез-құлықты тоқтатудың өте күшті тәсілі болып табылады;

•Баланың сезімдерін түсіне білу. Мысалы: "Әрине, сен ренжіп тұрсың...»;

•Көңілін басқа арнаға аударып, кез келген жұмысты ұсыныңыз Мысалы: "Өтінемін, Маған дәптерлерді таратуға көмектесіп жіберші.

•Мінез-құлыққа позитивті тұрғыда қарау белгісі ("Сенің ашуланып тұрғаның, шаршағандықтан болар"). Адам бойындағы агрессия табиғи құбылыс болғандықтан, адекватты немесе қауіпсіз агрессия сыртқы жағдайдың араласуын талап етпейді. Балалар көп жағдайда агрессияны өзіне назар аудару үшін пайдаланады. Егер бала белгілі бір себептермен ашуын танытса, онда оған жауап беруге, мұқият тыңдауға және назарын басқа нәрсеге аударуға мүмкіндік беру керек.

2. Агрессивті мінез-құлықтың жоғары деңгейімен әрекеттерге баса назар аудару. Жағдайды объективті сипаттау техникасы.

Бала тынышталғаннан кейін оның мінез-құлқын онымен талқылаған жөн. Ол агрессия танытқан кезінде өзін қалай ұстағанын, қандай сөздерді айтқанын, қандай әрекеттер жасағанын толықтай айтып беру қажет, бірақ ол сәтін бағаламаған дұрыс. Сыни пікірлер, әсіресе эмоционалды сөздер тітіркену мен наразылықты тудырады және мәселені шешілуін қиындатады. "Моральды оқу" тиімсіз болып табылады. Балаға агрессияның өзіне ең көп зиян тигізетінін сенімді түрде көрсете отырып, оның мінез-құлқының жағымсыз салдарын неге әкеп соғатынын көрсету керек.

Агрессияны төмендетудің маңызды жолдарының бірі - баламен кері байланыс орнату. Ол үшін келесі әдістер қолданылады:

•Факт туралы мәлімдеме ("Сен өзіңді агрессивті ұстап тұрсын»);

Айғақтайтын сұрақ ("сен ашуланып тұрсың ба?", "сен ренжіп тұрсың ба?»);

•Агрессивті мінез-құлықтың себептерін ашу ("сен мені ренжіткің келіп тұр ма?", "сен маған күш көрсеткің келіп тұр ма?»);

•Жағымсыз мінез- құлыққа қатысты өз сезімдеріңді табу ("маған мұндай тонмен сөйлескен ұнамайды", "біреу маған қатты айқайлаған кезде мен ренжимін»);

•Ережелерге өзгертулер енгізу ("Біз сенімен келіскен едік қой!»).

•Баланың агрессивті мінез-құлқына кері байланыс бере отырып, мұғалім кем дегенде үш қасиетті көрсетуі керек: *қызығушылық таныту, мейірімді болу және қатты болу*. Қаттылықты белгілі бір жағдайларда ғана таныту қажет. Бала өзін жақсы көретінін түсінуі керек, бірақ ол өзінің әрекетінің бұл әрекетке қарсы екендігін түсінуі қажет.